

## **APG7201 - «Қазіргі табиғатты пайдалану жағдайында өсімдіктер жағдайын бағалау»**

### **Модуль II. Қазақстан далалары, шөлдері және биік таулар белдеулері өсімдіктер жабынының ерекшеліктері.**

7 дәріс. Дала аймағын қорғау және негізгі белгілері, табиғат жағдайлары, ормансыз болуының себептері.

**Далалардың негізгі белгілері.** Далалардағы өсімдіктер жабыны біркелкі емес. Солтүстіктегі далалар оңтүстіктегіден, ал Батыстағы далалар шығыстағысынан басқаша (Культиасов, 1981). Дегенмен, далалардың кейбір жалпы белгілерін атап айтуға болады:

**Дала аймағының табиғат жағдайлары. Климаты.** Жылдық жауын-шашын мөлшері 250 мм деп (оңтүстікте, Қазақстанның бетегелі-қау далаларында) 600 мм –ге дейін (Украинадағы орманды даланың солтүстік шекарасында). Шығысқа жылжыған сайын (мысалы, Байкал маңында) жылдық жауын-шашын мөлшері 160 мм дейін төмендейді. Шөлдер аймақтарымен салыстырғанда дала аймағында жауын-шашынның ең көп болатын мезгілі ол жаз айлары (маусым-шілде), ал ең аз болатын мезгілі қыс айлары (қаңтар-ақпан) немесе көктем айлары (наурыз-көкек). Бұлай болуы дала өсімдіктерінің дамуында өте маңызды.

**Топырағы.** Дала аймағы солтүстіктен оңтүстікке дейін созылуы шамамен 500-600 км шамасында. Сондықтан топырағы біркелкі емес. Орманды дала территориясының айтарлықтай мол бөлігін сұр және сұр-қара-сұр топырақтар алып жатыр.

Дала аймағы флорасы негізінен Плейстоцен және Галоценнің екінші жартысында қалыптасты, яғни көршілес (Жерортатеңізі, Иран, Орталық Азия) флораларымен салыстырғанда жас болып есептеледі.

Дала аймағы өсімдіктерінің тіршілік формаларына келетін болсақ, өз уақытында далалық өсімдіктер тіршілік формаларының бірнеше классификациялары ұсынылған (Г.Н. Высоцкий, 1915; П.И. Казакевич, 1922; Б.А. Келлер, 1933; В.В. Алехин, 1936; Е.М. Лавренко, 1940 және т.б.).

Тіршілік формаларын классификациялаудың кейбір тобы жобаларымен танысайық. Г.Н. Высоцкий (1915) дала аймағы өсімдіктерінің биологиясын зерттеп, өзінің классификациясының жобасын ұсынды.

Г.Н. Высоцкийдің жобасын негізге ала отырып, оның шәкірті Л.И. Казакевич (1922) өз жобасын ұсынды.

Б.А. Келлер (1933) дала өсімдіктері тіршілік формаларын классификациялаудың жинақталған жобасын ұсынды. Автордың ойынша бұл жоба далада кездесетін өсімдіктердің тіршілік формаларын түгел қамтиды.